

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перзентханасы» коммуналдық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша талдамалық анықтамасы

Шымкент қаласы

« 06 » 11 2023 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес және Қалалық перзентхана Бас дәрігерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 02.10.2023 жылғы №295-н/қ бұйрығына сәйкес мекеме қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

1. Жұмыс тобының жетекшісі:

Ә.Зұлпықаров – комплаенс-офицер;

2. Жұмыс тобының мүшелері:

Р.Динтаева- бас дәрігердің ішкі аудит жұмыстарын жүргізу жөніндегі орынбасары;

Ж.Рахымбердіқызы – заңгер;

Г.Туганбаева – бас мейірбикенің у.а.м.;

Қ.Қозыбаев – Әкімшілік-құқықтық бөлімі басшысының орынбасары;

3. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

02.10.2023-02.11.2023 жылдың аралығы

4. Ішкі талдау қамтылған кезең:

2022 жылдың ІІ -жартыжылдығы

2023 жылдың І-жартыжылдығы

5. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Мекеме басшылығы мен қызметкерлері тарапынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болған жоқ

6. Ішкі талдаудың бағыттары:

- Ұйым қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- Ұйымның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Талдамалық анықтама:

1. Ұйым қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1. Перзентхана өзінің қызметін жүзеге асырған кезде мына нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі;

- «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығы (2019 жылғы 27 қыркүйектегі өзгерістермен және толықтырулармен

- «Стационарлық көмек көрсету қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі №761 бұйрығы (2020 жылғы 03 шілдедегі өзгерістермен және толықтырулармен).

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңы. - «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы.

Жоғарыда көрсетілген ұйымның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік және нормалар анықталмады.

2. Ұйымның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бағыттары бойынша:

2022 жылдың II жарты жылдығында және 2023 жылдың I жарты жылдығында перзентханаға 64 қызметкерлер жұмысқа қабылданған:

- соның ішінде дәрігерлер саны – 7;
- орта буын қызметкерлер саны- 30;
- тазалықшылар саны – 24;
- басқа жұмысқа қабылданғандар саны -3.

Қалалық перзентханаға бос жұмыс орнына қабылдау төмендегі көрсетілген ерекшеліктер бойынша жүргізілген:

1. Бос жұмыс орны болған жағдайда, ол туралы Электрондық еңбек биржасы «enbek.kz» арнайы сайтына «Бос лауазым» туралы және оған сәйкес барлық ақпарат көрсетілген хабарлама жарияланады;
2. Бос лауазымға біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлер перзентхананың мамандар бөліміне келіп конкурстық іріктеуге қатысу туралы тілек білдіреді, сұратылған қажетті құжаттар тізбесін тапсырады.
3. Бос лауазымға өтініш білдірген үміткерлермен перзентхананың ішкі бұйрығымен құрылған комиссия құрамы мүшелерімен әңгімелесу жүргізіледі;
4. Бос лауазымға жұмысқа қабылданған үміткерге жұмысқа қабылдану бұйрығы шығарылады.

Қабылдау тәртібінің нақты құқықтық реттелуіне қарамастан, келесі бұзушылықтарға жол берілген:

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өз қызыреті шегінде қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған сыбайлас жемқорлық қылмысы туралы ақпаратты алмастан лауазымға тағайындау. Кандидаттардан жұмысқа қабылдағаннан кейін жоғарыдағы мәліметтерді алу жағдайлары бар.

Ұсыныс: қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған кандидаттар туралы ақпаратты міндетті түрде сұрау ұсынылады.

Әр жарты жылда бір рет перзентханада еңбек жағдайларына қанағаттану дәрежесін және ұжымдағы туындайтын қиындықтарды анықтау үшін қызметкерлер арасында анонимді сауалнама жүргізіледі, оның ішінде ұжымдағы атмосфераны талдау.

Ұсыныс: кадрлардың тұрақсыздығы деңгейін төмендету, сондай-ақ жұмыстың сапасы мен тиімділігін көрсету үшін құрылымдық бөлімшенің корпоративтік мәдениетін бағалауды, құрылымдық бөлімше ішіндегі қарым-

қатынастарды, жұмыстан кету себептерін көрсететін шығу сұхбаты мен сауалнамасын әзірлеу ұсынылады.

2.Мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша:

2022 жылдың II жарты жылдығында және 2023 жылдың I жарты жылдығында мемлекеттік сатып алу порталында Перзентханамен 70 келісім шарт жасалған, оның ішінде:

- 53 келісім шарт баға ұсыныстарын сұрау бойынша;
- 7 келісім шарт ашық конкурс бойынша;
- 10 келісім шарт бір көзден тікелей келісім шарт жасау бойынша жасалғаны анықталды.

Мемлекеттік сатып алу бойынша рәсімнің барлық әдістері (конкурстық құжаттама, мемлекеттік сатып алуды іске асыру туралы жарнама, қатысуға өтінімдерді ашу, мемлекеттік сатып алу нәтижелері туралы хаттамалар) Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық жүргізіледі.

Баға ұсыныстарын сұрау бойынша мемлекеттік сатып алуды зерделеу барысында ұйымдастырушы лоттың № 63132381-3ЦП1 Жиһаздарды дайындау бойынша жұмыстарды мүгедектер ұйымдары арасындағы мемлекеттік сатып алуға мәліметтерді жария етпегені анықталды. Қателекті дер кезінде түзеткен.

3. Мүдделер қақтығысы

Перзентхана қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы (мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық) анықталған жоқ.

4.Рұқсат беру және бақылау функцияларын асыру.

Перзентханада рұқсат беру және бақылау функцияларын асыру қарастырылмаған.

5.Қабылдау бөлімшесі.

Туыстарының пациент туралы ақпарат алуы үшін перзентханада ақпарат алу тәулік бойы қол жетімді. Қабылдау бөлімшесінде дәрігерлердің телефондары жазылған журнал бар. Көптеген қызметкерлердің банк карталары телефон нөмірлеріне байланылған, ал мобильді банкинг қосымшаларында «телефон нөмірі

бойынша аударымдар» бөлімі бар (мысалы, Каспий банкі, Халық банкі және т.б.).
Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеліп соғуы мүмкін.

Ұсыныс: пациент туралы ақпаратты қызметкерлердің негізгі телефон нөмірлерін пайдаланбай-ақ туыстарына бере алуы үшін резиденттік бөлмелерге ішкі телефондарды орнату ұсынылады.

Жұмыс тобының жетекшісі:

Ә.Зұлпықаров –

Жұмыс тобының мүшелері:

Р.Динтаева –

Ж.Рахымбердіқызы –

Қ.Қозыбаев –

Г.Туганбаева –

Бас дәрігер:

М.У.Кенжебаева

